



АЙГАК

Gazet Qazaqstan Jymalstika Akademiasynyr "Altyn Juldyz", Qazaqstan Jymalister odağynyr Turar RYSQULOV jáne Sattar ERÝBAEV atyndağy sylyqtarynyr, "Altyn júrek" sylyğynyr iegeri



ПРЕЗИДЕНТ ТҮРКИСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМІ НҰРАЛХАН КӨШЕРОВТИ ҚАБЫЛДАДЫ



Облыс әкімінің баяндамасынан:

Ислам даму банкі 135,5 миллиард теңгеге 24 ирригациялық жобаны қаржыландыруды мақұлдаған;

Түркістан қаласы мен жақын маңдағы 6 ауданды су-

мен тұрақты қамтамасыз ету мақсатында «Бәйдібек ата» су қоймасының құрылысы жүргізіліп жатыр;

мақта-тоқыма кластерінде құны 197 миллиард теңгені құрайтын 5 жоба іске асырылады;

жүгері-сірне зауытының құрылысы басталған;

Австралия тәжірибесіне сай ет бағытындағы мал шаруашылығын дамыту қолға алынған;

биыл өңірде 32 мектеп салынып, 41 білім ошағына

күрделі жөндеу жүргізіледі; медициналық-санитарлық алғашқы көмек көрсететін 32 нысан пайдалануға беріледі;

45 елді мекенге табиғи газ құбыры тартылады.

Қасым-Жомарт Тоқаев облыстың жаңа басшысына кеше қол қойылған «Түркістан қаласының ерекше мәртебесі туралы» Заңда айқындалған міндеттерді сапалы жүзеге асыру үшін Үкіметпен тығыз қарым-қатынаста жұмыс істеуді тапсырды.

Президент облыс тұрғындарының тұрмыс деңгейін жақсарту, туризм, ауыл шаруашылығы және шағын кәсіпкерлік бағыттарын дамыту, елді мекендерді ауыз сумен толықтай қамтамасыз ету міндеттерін жүктеді.

Ақорда.

ОҚУШЫЛАР 6 МИЛЛИОНҒА ДЕЙІН БІР РЕТТІК ТҚЛЕМ АЛА АЛАДЫ

Халықаралық ғылыми жарыстарда жеңімпаз атанған мектеп оқушылары ақшалай сыйлыққа ие болады

Мәжіліс кейбір заңнамалық актілерге мәдениет және білім беру мәселелері бойынша енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды бірінші оқылымда мақұлдады. Заң жобасына депутаттар бастамашы болды.

Заң жобасы аясында халықаралық ғылыми жобалар конкурстарының жеңімпаздары мен жүлдегерлеріне, оларды дайындаған педагогтарға біржолғы төлем қарастырылады.

Осы санаттағы оқушыларға төленетін ең жоғары төлем 1500 АЕК немесе 6 миллион теңге шамасында болуы мүмкін.

Сонымен қатар түзетулерде мектеп жасындағы балаларға мәдени іс-шараларға қатысу үшін берілетін «Ақылман картасы» жобасын енгізу қарастырылған. Мектеп жасындағы балаларға абонемент жергілікті өкілді органдардың шешімімен беріледі.

ТҮРКИСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ АРДАГЕРЛЕРІНЕ 5 МЛН ТЕҢГЕ БЕРІЛЕДІ

Түркістан облысының ардагерлеріне Жеңістің 80 жылдығына орай әкімдік тарапынан 5 млн теңге көлемінде біржолғы материалдық көмек беріледі. Өңірде Екінші дүниежүзілік соғысының 9 ардагері тұрады. Екінші дүниежүзілік соғысы ардагерлеріне теңестірілген азаматтарға санаттары бойынша 50 мың теңгеден 120 мың теңгеге дейін біржолғы қаржылай көмек көрсету жоспарланып отыр. Сондай-ақ еліміздің «Ардагерлер туралы» заңына сәйкес әлеуметтік қолдау шаралары көрсетіледі.

Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшеровтің төрағалығымен өткен аппараттың апталық мәжілісінде Жеңістің 80 жылдығын атап өту бойынша іс-шара жоспары кеңінен талқыланып, атқарылатын жұмыстар пысықталды.

Облыстық жұмыспен қамту үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Асия Темірбаеваның баяндауынша, іс-шаралар жоспары тек мерекелік күндерді ғана емес, жыл бойы орындалуы қамтылған. Бүгінгі таңда Түркістан облысында Ұлы Отан соғысына қатысушылар мен оларға теңестірілгендер саны 3 305 адам. Оның ішінде, ҰОС ардагерлері – 9. Олар Жетісай, Ордабасы, Отырар, Сарам, Сарыағаш, Созақ, Қазығұрт аудандары мен Кентау, Түркістан қалаларында тұрады. ҰОС қатысушыларына теңестірілгендер саны 227 болса, тыл еңбеккерлері – 3 069. Түркістан облысында ҰОС Жеңістің 80 жылдығына орай 3 305 адамға біржолғы ақшалай әлеуметтік көмек көрсету үшін аудан, қала бюджеттері есебінен 242,0 млн. теңге қаржы қаралды.

Одан бөлек, «Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 80 жыл» мерейтойлық медалімен



марапатталатын адамдардың тізімі жасалуда. Ұлы Отан соғысы ардагерлері мен оған теңестірілген азаматтардың әлеуметтік жағдайын анықтау мақсатында аудан, қала әкімдіктері арқылы әлеуметтік картасы жасақталды. Олардың денсаулығы мен тұрмыстық жағдайы сараланды. Сауықтыру шараларын жүргізу мақсатында соғыс ардагерлеріне жасақталған әлеуметтік картаның нәтижесінде денсаулық сақтау саласы тарапынан жыл басынан 500-ге жуық ардагерге медициналық қызмет көрсетілді. Бұл қызмет жыл бойы көрсетілетін болады. Сонымен қатар «Ардагерлер үйі» мен «Мейір» ардагерлер үйі» арқылы айына 400-ге жуық, жылына 7 800 егде жастағы адамдарға сауықтыру қызметтері көрсетіліп келеді.

Жиында Облыстық қоғамдық даму басқармасының басшысы Ерлан Күзембаев іс-шара жоспары туралы баяндады. Жеңістің 80 жылдығы аясында облыста ауқымды іс-шаралар өткізу көзделіп отыр. Атап айтқанда, батырлардың есімдерін насихаттау мақсатында түрлі конкурстар, экскурсиялар, ғылыми-практикалық конференциялар, «Жас Ұлан» әскери-спорттық ойындары, бұқаралық спорттық шаралар, әскерлердің шеруі өткізіліп, мерекелік концерттер, тақырыптық кино кештері, архив құжаттары топтамасынан көрме, кездесулер ұйымдастыру жоспарлануда.

«Саламатты Қазақстан» мамандандырылған пойызын іске қосу аясында ҰОС қатысушылары, тыл еңбеккерлері және шалғайдағы стансалардың тұрғындарына негізгі медициналық білікті мамандар тарапынан тегін емдеу шаралары ұйымдастыралуда.

ТҮРКИСТАНДЫ ТҮЛЕТЕТІН МАҢЫЗДЫ ҚҰЖАТ

Мемлекет басшысы «Түркістан қаласының ерекше мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына қол қойды

Заңда еліміздің рухани, тарихи-мәдени, туристік орталығы және сәулет мұрасы ретіндегі Түркістан қаласының ерекше мәртебесі бекітілген.

Құжатта:

тарихи-мәдени мұраны сақтау – Қожа Ахмет Ясауи кесенесі мен басқа да ескерткіштерді қорғау;

археологиялық және ғылыми-реставрациялық жұмыстарды реттеу;

тарихи-мәдени мұраны қайта жаңғырту және ұлттық қолөнерді дәрiптеу;

қорғау аймағында биіктігі мен сәулеті үйлеспейтін ғимараттарды салмау;

археологиялық ескерткіштердің резерватын құру;

мүгедектігі бар адамдарға қолжетімді инфрақұрылым және инклюзивті туризм құру арқылы қалада жайлы орта қалыптастыру; қаланың бірыңғай келбетін – сәулет ерекшелігін сақтау үшін дизайн код енгізу;

тиімді басқару мен бақылау үшін әкімдік пен мәслихат өкілеттігін кеңейту;

мемлекет тарапынан қолөнер шеберлерін қолдау мен көлік транзитін реттеу;

туризмді дамыту және тұрмыс сапасын арттырумен қатар қаланың тарихи ерекшелігін сақтау қарастырылған.

Сондай-ақ, қала билігі Түркістанның ерекше мәртебеге ие болуына байланысты конкурс жариялап, алдағы 3 айда ең үздік логотипті таңдап алмақшы. Бұдан былай ша»ардың туристік ерекшеліктерін бейнелейтін нысандарға да өзгеріс енгізіледі.

Сонымен қатар туристерді тасымалдайтын 8 және одан да көп орындығы бар көліктер шығынының 25%-ы мемлекет тарапынан субсидияланады. Туристерге қызмет көрсететін нысан құрылысының 10% шығыны да жергілікті бюджеттен өтеледі.

ШЫМКЕНТТЕН ҮРІМШІГЕ ТІКЕЛЕЙ ӘУЕ РЕЙСІ АШЫЛАДЫ



2025 жылғы 30 мамырдан бастап SCAT әуекомпаниясы «Шымкент – Үрімші» бағытында тікелей әуе рейстерін іске қосады. Жаңа әуе бағыты Қазақстан мен Қытай арасындағы байланыстарды нығайтып, туристік және іскерлік сапарларды одан әрі дамытуға мүмкіндік береді.

Рейстер кестесі:

Шымкент – Үрімші:

сейсенбі, жұма

Үрімші – Шымкент:

сәрсенбі, сенбі

Ұшу ұзақтығы: небәрі 2 сағат

20 минут.

28 ақпаннан бастап Шымкент – Үрімші бағытына билеттер сатылымға шықты.

1300 МЕКТЕПТІ КЕЗЕҢ - КЕЗЕҢІМЕН РЕНОВАЦИЯЛАУ БАСТАЛДЫ

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес таяудағы үш жыл ішінде Қазақстанда 1300-ге жуық мектеп реновацияланады, оның жартысынан көбі (54%) ауылдық жерлерде орналасқан. Бұл туралы ҚР Оқу-ағарту министрлігінің баспасөз қызметі хабарлайды.

Жоба қазіргі заманғы білім беру стандарттарына сәйкес келетін тоғыз негізгі бағыт бойынша іске асырылуда. Реновациядан өткіз мектептерді күрделі жөндеу, заманауи пәндік кабинеттермен жабдықтау, мектеп жиһаздарын жаңарту, кітапханалар мен асханаларды жаңғырту, спорт залдарын салу немесе реконструкциялау, рекреациялық аймақтар мен қоғамдық кеңістіктерді жабдықтау, сондай-ақ жаңа қауіпсіздік жүйелерін енгізу көзделген.

«Мемлекет жыл сайын мектеп инфрақұрылымын жақсартуға қаражат бөледі. 2025 жылы жаңарту 262 мектепті қамтиды, оның 141-і ауылдық жерлерде орналасқан. Жаңартылған ғимараттарда 200 мыңға жуық оқушы білім алады», - деп атап өтті инфрақұрылымды дамыту департаменті директорының орынбасары Роза Сембаева.

Жұмыстар аясында шатырды ауыстыру, қасбеттер мен терезелерді жаңарту, инженерлік коммуникацияларды — жылыту, сүмен электрмен жабдықтау, көріз бен желдету жүйелерін күрделі жөндеу жоспарланған. Сондай-ақ мектеп аумақтарын көркейту және көгалдандыру жүргізіледі.

Жоба үш жылға есептелген: 2025 жылы 262 мектеп жаңартылады, 2026 жылы – 436, 2027 жылы – 466. Сонымен қатар 2028-2029 жылдары Жамбыл облысында тағы 67 мектепті жаңарту жоспарлануда.

«МАНСАП КОМПАСЫ» ПЛАТФОРМАСЫНЫҢ ӘЛЕУЕТІ

Бүгінде ЕХӘҚМ халықты жұмыспен қамту саласындағы ақпараттық жүйелерді дамыту, оның ішінде басқа мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерімен интеграциялау бойынша белсенді жұмыстар жүргізуде. Инвестициялық жобалардың тиімділігіне мониторинг жүргізу үшін оларды сапалы жоспарлау маңызды аспект болып табылады. Министрлік «Жобалардың инновациялық навигаторы» платформасын жасады, оған сомасы 41 трлн теңгеге 168 мыңға жуық жұмыс орнын құратын 906 инвестициялық жоба бойынша мәліметтер енгізілді. Бұл жайында ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Асқар Биэхметов ОКҚ брифингінде айтты.

«Жалпы білім беретін мектептердің 7-11 сынып оқушыларының кәсіби диагностикасын көздейтін «Мансап компасы» платформасы енгізілді. Платформада 400-ден астам сұранысқа ие мамандықтар туралы ақпарат бар. Оқушылар кәсіби диагностикадан өтуге, өз мансабының траекториясын жоспарлауға мүмкіндік алды. Бұл мамандықты саналы түрде таңдауға және түлектерге болашақ жұмыс орнын табуға ықпал етеді. Сонымен бірге, Электрондық еңбек биржасында кәсіптік білім беру орындары және ЖОО студенттері үшін өндірістік практиканың функционалы іске асырылады», - деді спикер.

Бүгінгі таңда 610 жұмыс беруші 3,8 мың бос орын орналастырды, 130 ТжКБ ұйымдары тартылды, 15 мың студенттердің сауалнамасы алынды. Ғылым және жоғары білім министрлігімен ЖОО-ларды тіркеу бойынша жұмыстар басталды.

Министрлік жұмысының басым бағыттарының бірі платформалық жұмыспен қамту болып табылады. Бүгінгі күні 1 млн-ға жуық азамат Яндекс, Глово, Вольт сияқты түрлі интернет-платформаларда жұмыс істейді. Қазақстан

үшін бұл кіру кедергісі төмен, икемді жұмыс кестесі және біріктіру мүмкіндігі бар еңбек қатынастарының салыстырмалы түрде жаңа түрі. Алдағы 6 жылда кадрларға жиынтық сұраныс 1,6 млн адам санында бағаланып отыр, оның ішінде 900 мыңға жуық адам кәсіптік-техникалық білімі бар қызметкерлерге келеді, олардың 400 мыңнан астамы жұмысшы мамандықтар болып табылады.

«Жұмысшы кадрлар құрылымы, ауыл шаруашылығы, өңдеуші өнеркәсіп және денсаулық сақтау салаларында барынша сұранысқа ие. Бұл салаларда жұмысшы мамандықтарға сұраныс 56%-ды құрайды. Жұмысшы кадрларға деген қажеттілік жылдан жылға артып отыр. Мемлекет басшысы жариялаған Жұмысшы мамандықтар жылы аясында мемлекеттік органдармен және өкімдіктермен бірлесіп, Іс-шаралар жоспарын іске асыру бойынша жұмыс басталды», - деді ведомство өкілі.

Іс-шаралар жоспарына сәйкес орталық және жергілікті атқарушы органдар ағымдағы жылғы қаңтарда салалық және өңірлік жоспарларды бекітті. Екіншіден, жұмыс берушілер, мектептер мен колледждер арасындағы өзара іс-қимылды күшейту, тәлімгерлік институтын дамыту көзделген. Үшінші бағыт - биыл 100 кәсіби стандартты өзірлеп, жаңарту. Төртіншіден, жыл бойы тұрақты негізде бос орындар жәрмеңкелері өткізіледі. Бесіншіден, жыл ішінде кемінде 500 мың оқушы мен ТжКБ студенттері «Электрондық еңбек биржасы» бірыңғай цифрлық платформасын пайдалана отырып, жұмыс іздеу және жұмысқа орналастыру дағдылары бойынша оқытумен қамтылмақ. Сондай-ақ «Мансап компасы» платформасының базасында 100 мың адамды қамти отырып, кәсіптік бағдар беру жұмыстары жүргізіледі.

ҚАЗАҚСТАНДА ЕКІ ЖАҢА ӘСКЕРИ КОЛЛЕДЖ АШЫЛАДЫ

Жоғары оқу орнынан кейінгі әскери білім Астана қаласындағы Ұлттық қорғаныс университетінде ұсынылған. Университет Қарулы Күштер, басқа да әскерлер мен әскери құрылымдар үшін мамандар даярлауды жүзеге асырады, сондай-ақ жыл сайын 1000-нан астам адамның, оның ішінде басқа мемлекеттік органдардың басшы құрамының біліктілігін арттыруды жүргізеді. Сондай-ақ Қорғаныс министрлігі елдің екі қаласында екі жаңа әскери колледж құру туралы жариялады. Бұл туралы ОКҚ-да өткен баспасөз мәслихатында ҚР ҚМ Әскери білім және ғылым департаментінің бастығы, полковник Мұрат Олжабаев мәлімдеді.

«Жоғары білімді Қарулы Күштердің барлық дерлік түрінің негізгі мамандықтарын қамтитын үш әскери институт ұсынады. Алматы қаласындағы Сағадат Нұрмағамбетов атындағы Құрлық әскерлерінің Әскери инс-



титуты, Ақтөбедегі Талғат Бигелдинов атындағы Өуе қорғаныс күштерінің Әскери институты және Алматыдағы Радиоэлектроника және байланыс Әскери-инженерлік институты. Әскери институттарда оқу мерзімі 4 жылды құрайды», - деді Мұрат Олжабаев.

Оқу кезеңінде курсанттар тегін тұрумен және олардың ішінде ақшалай, азық-түлік, киім-кешек, медициналық жабдықтармен қамтамасыз етіледі.

«Әскери институттардың түлектеріне «бакалавр» дәрежесі беріле отырып, жоғары білім туралы мемлекеттік үлгідегі диплом беріледі,

«лейтенант» әскери атағы беріледі, содан кейін олар Қарулы Күштерде, сондай-ақ басқа да әскерлермен әскери құрылымдарда одан әрі әскери қызмет өткеру үшін жіберіледі», - деді ол.

Сонымен қатар Астана, Щучинск және Шымкент қалаларындағы үш әскери колледж техникалық және кәсіптік білім береді.

Колледждерде мотоатқыштар, танк, артиллерия және инженерлік бөлімшелер, байланыс және РХБҚ әскерлері, қару-жарақ пен әскери техниканы пайдалану және жөндеу бөлімшелері үшін кәсіби сержанттар дайындалады.

Бұдан бөлек, Қорғаныс министрлігі тағы екі әскери колледж - Бауыржан Момышұлы атындағы әскери-спорт колледжін және Алматы мен Қарағандыдағы «Жасұлан» республикалық мектептерінің базасында Талғат Бигелдинов атындағы Әскери колледжін ашу бойынша жұмыс жүргізуде.

АӘД БАҒДАРЛАМАСЫНА ЖАҢА БӨЛІМДЕР ЕНГІЗІЛЕДІ

Қазақстандық жастарды әскерге дейінгі даярлау мәселесі өзекті болып тұр. Себебі ол азаматтарды оқыту және патриоттық тәрбиелеу жүйесінде маңызды орын алады. Қолданыстағы «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» заңға сәйкес, азаматтарды әскери қызметке дайындау – бұл мемлекеттік органдар тарапынан әскерге дейінгі және шақырылуға жататын жастағы азаматтармен әскери қызмет негіздерін оқыту мақсатында өткізілетін міндетті іс-шаралар кешені болып табылады. Білім беру ұйымдарында әскери іс негіздерін оқытудың міндетті пәні – бастапқы әскери және технологиялық дайындық болып табылады. ҚР Қорғаныс министрлігі Әскери білім және ғылым департаментінің бастығы полковник Мұрат Олжабаев ОКҚ брифингінде осылай деді.

Қорғаныс министрлігі білім беру ұйымдарында бастапқы әскери дайындықты ұйымдастыруға жергілікті әскери басқару органдары арқылы көмек көрсетеді. Бұл органдар Бас штабтың Ұйымдастыру-жұмылдыру жұмыстары департаментіне тікелей бағынады.

«Бүгінгі таңда Мәжіліс депутаттары бастапқы әскери және технологиялық дайындық пәнінің

оқытушыларына қойылатын талаптарды күшейту бойынша ұсыныстар енгізді. Атап айтқанда, олар әскери қызмет өткеру немесе әскери кафедрада оқу тәжірибесінің болуы міндетті деп таңуды ұсынууда. Осыған байланысты, қолданыстағы заңнамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу жұмыстары жүргізілуде. Қазіргі уақытта заң жобасы Мәжілісте қаралуда және бірінші оқылымнан өтті», - деді ведомство өкілі.

Қорғаныс министрлігі «Бастапқы әскери және технологиялық дайындық» пәнінің оқу бағдарламасын «Отан қорғаушы» деп өзгерту жөнінде пилоттық жоба ұсынды. Сонымен қатар осы пәнінің тақырыптық жоспары әзірленді. Жаңа оқу бағдарламасына мынадай бөлімдер енгізіледі: Мемлекеттің қауіпсіздігі мен қорғанысының құқықтық негіздері, Қарулы Күштер және Әскери доктрина, Әскери дайындық негіздері, Әскери қызмет негіздері, Ақпараттық қауіпсіздік негіздері, Әскери роботтар және жасанды интеллект, Өмір қауіпсіздігінің негіздері, Оқу-дала модулі. «Отан қорғаушы» пәнінің жаңа оқу бағдарламасын енгізу 2026–2027 оқу жылдарына жоспарланған. Қазіргі уақытта ол Оқу-ағарту министрлігінде талқылау кезеңінде.

ЕЛ ПРОКУРОРЛАРДЫҢ НАЗАРЫНДА 900 ЖОБА БАР

2023 жылғы сәуірде Мемлекет басшысы прокурорларға маңызды инвестициялық жобаларды сүйемелдеуді тапсырды. Бұл - қадағалаудың жаңа бағыты. Бірінші кезекте, Бас прокуратура СІМ Инвестициялар комитетімен және инвестицияларды тарту бойынша «ҚазақИнвест» ұлттық компаниясымен тығыз қарым-қатынас орнатты. Бас прокуратурада Инвесторларды қорғау бойынша арнайы басқарма құрылып, оның 2 қызметкері «ҚазақИнвест» кеңсесінде тұрақты орналастырылды. Бұл туралы ҚР Бас прокуратура-сының Қоғамдық мүдделерді қорғау қызметі бастығының орынбасары Ризат Смағұлов ОКҚ алаңында өткен дөңгелек үстел барысында хабарлады.

Оның айтуынша, өңірлерде «Бір терезе» принципімен фронт-офистер, әрбір прокуратурада бизнес пен инвесторлар үшін тәулік бойы қызмет

көрсететін Call-орталықтар іске қосылды. Инвесторлардың әрбір өтініші уәкілетті органдарға жолданбай, прокурорлармен қаралады. Бастапқы кезеңде инвесторлармен кері байланыс орнатуда маңызды болды. Оған «Атамекен» ҰП, Бизнес-омбудсмен және «Қазақ Инвест» компаниясы көмектесті.

«Бірауыздан бизнес-қауымдастығы және сарапшылар мемлекеттік органдардың шешімдеріне тікелей тәуелді жобаларды іске асыру кезінде ұзақ және көп сатылы рәсімдер мәселесін көтерді. Мысалы, кәсіпкермен мектептің құрылысын бастау үшін мемлекеттік сараптама, сәулет және экологиялық бақылау сияқты әр түрлі инстанциялардан 100-ден астам рұқсат құжаттары қажет. Инженерлік желілерге қосылу мәселелері де туындайды. Оларды жинаудың процесі бір жарым жылға

созылуы мүмкін, соның өзінде бәрі сәтті аяқталатынына кепілдік жоқ», - деді спикер.

Қазір осындай созылмалы жағдайларға прокурорлар белсенді араласып, шенеуніктердің іс-әрекеттеріне құқықтық баға береді және инвесторлардың проблемалық мәселесін тез арада шешуге көмектеседі. Бүгінге прокурорлардың назарында барлығы 42 трлн теңгеге 900 жоба бар. Өрқайсысы зерделеніп, 800 инвесторға көмек көрсетілді. Бұл жерде біз жазаның бұлтартпаушылық принципін қатаң ұстанамыз. Инвестордың құқықтары бұзылудың әрбір фактісі бойынша кінәлілердің жауапкершілігі туралы мәселе түбегейлі қойылады. Жалпы, прокурорлар инвесторларды қорғау мәселесіне қатысты 220 қадағалау актісін енгізіп, мемлекеттік органдардың 60 актісінің күшін жойды, 140 лауазымды тұлға жазаланды.



Жуырда Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының директорының сыртқы байланыстар жөніндегі орынбасары, жетекші ғылыми қызметкер, тарих ғылымдарының кандидаты, PhD, белгілі ортағасырлық түркі мемлекеттеріндегі, Алтын Ордадағы және Қазақ хандығындағы рухани процестердің тарихын зерттейтін ғалым Жеңіс Жомарт Жеңісұлының туған нағашы атасының інісі – Екінші дүниежүзілік соғыста хабарсыз кеткен жауынгер Төреханов Мәлібек Баймұратұлының жатқан жері араға 83 жыл салып анықталды. Бұл – бір әулет үшін ғана емес, барша ұлтымыз үшін аса маңызды тарихи жаңалық.

Екінші дүниежүзілік соғыс – бұл тек тарих кітаптарындағы беттер ғана емес, бұл – туған жерін, туған халқын қорғау үшін жандарын қиған миллиондаған боздақтардың тағдыры. Соғыс әрбір отбасыға қайғы әкеліп, мыңдаған ананы баласыз, балаларды әкесіз қалдырды. Бірақ сол батырлар-

дың арқасында бүгінгі ұрпақ бейбіт аспан астында өмір сүріп жатыр.

Сол ерлердің бірі – туған жерінен жырақта, Ленинград үшін шайқаста қаза тапқан жас жауынгер, кіші сержант Төреханов Мәлібек Баймұратұлы. Оның есімі біздің жадымызда мәңгі сақталуға тиіс, себебі ол өз өмірін болашақ ұрпақтың бақытты өмірі үшін құрбан етті.

Мәлібек Баймұратұлы 1922 жылы қазіргі Түркістан облысы, Созақ ауданы, Күзмолдақ елді мекенінде дүниеге келген. Балалық шағы қазақтың кең даласында, ауылдың қарапайым тұрмысында өтті. Жастайынан еңбекқор болып өскен ол ата-анасына көмектесіп, мал бағып, егін егіп, ауыл тіршілігіне ерте араласты.

Алайда 1941 жылы басталған сұрапыл соғыс оның ғана емес, бүкіл елдің өмірін түбегейлі өзгертті. 19 жасқа толған бозбала, ер-азамат ретінде туған жерін қорғау үшін әскерге аттанды. Шымкент әскери комиссариаты арқылы әскерге шақырылып, алғашқы әскери дайындықтан өтті.

Бейбіт өмірді артқа тастап, жастық шағын қару-жарақ ұстауға арнаған боздақ, өзге де мыңдаған жауынгерлер секілді, Кеңес Одағының бостандығы үшін шайқасуға ант етті.

Әскери дайындықтан кейін, Мәлібек Төреханов Ленинград облысы, Волхов қаласындағы 461 атқыштар полкі, 142 атқыштар дивизиясы майданына жіберілді. Бұл майданда кескілескен ұрыстар жүріп жатқан еді. Фашистік басқыншылар Ленинград қаласын қоршауға алып, оны аштық пен суықтың құрбаны етуді көздеді. Кеңес әскерлері қаланы құтқару үшін жан аямай 13.09.1941 дейін шайқасып,

Волхов әскери жөнелту пункті, ЭГ 7760 ауысты. Ол туралы Ресей Федерациясы Қорғаныс министрлігінің Орталық мұрағаты Волхов әскери жөнелту пункт қоры, 530765-тізім, 43418 істе сақталған.

Мәлібек Баймұратұлы 142-атқыштар дивизиясы, 461-атқыштар полкі құрамында 07.08.1941 дейін шайқасып, 2222-эвакуациялық госпиталь түсіп, 17-Волховский әскери жөнелту пунктке госпитальға ауысады. Ол туралы құжат түпнұсқасы орналасқан жері Ресей Федерациясы Қорғаныс министрлігінің Орталық мұрағатының филиалы Әскери-медициналық құжаттар мұрағатында сақтаулы, бөлім: Ленинград картотекасы. Госпиталь 2222, Қор: жаралар картотекасы, тізімдеме: Ленинград картотекасы. Аурухана 2222, іс 280-41. Кейінірек оны 3-атқыштар бригадасының 8-Армиясы, 11-Армия, Солтүстік-Батыс майданы, Солтүстік майданына ауыстырды. Ол өз қаруластарымен бірге батырлық пен қайсарлық танытып, Отан үшін жанын қиюға дайын болды.

Соңғы шайқасқан жері, 1-гвардиялық атқыштар бригадасында, қысқы шайқастар ерекше ауыр өтті. Суық, аштық, оқтың арасындағы өмір – майдангерлер үшін күнделікті шындыққа айналды. Бірақ олар жауға қарсы қаймықпай күресті.

12 ақпан 1942 жылы болған шайқаста Мәлібек Баймұратұлы ерлікпен қаза тапты. Ол Ленинград майданын қорғау үшін жанын қиған жауынгерлердің бірі болды.

Оның тағдыры жайлы мәліметтер ұзақ жылдар бойы белгісіз болып келді. Алайда Ресей Федерациясы

Қорғаныс министрлігінің Орталық мұрағатындағы №58 қор, 818883 тізім, 1013 іске тіркелген құжаттардың арқасында оның ерлікпен қаза тапқан жері мен мәңгілік мекені анықталды.

Оның денесі алғашында Мгинск ауданындағы Пушечная тауына жерленді. Алайда соғыс аяқталғаннан кейін, оның сүйегі басқа майдангерлермен бірге Ленинград облысы, Киров ауданы, Новая Малукса мемориалында 79050211 номермен қайта жерленді.

Бұл мемориал – мыңдаған қазақстандық жауынгердің ерлігін еске түсіретін қасиетті орын.

Мәлібек Баймұратұлы туған жерінен мыңдаған шақырым қашықтықта қаза тапты. Бірақ оның ерлігі туған туыстарының, бүкіл елінің жадында мәңгілік сақталады.

Ол тек Қазақстанның ғана емес, бүкіл Кеңес Одағының батыры. Өйткені ол бейбіт өмірді сақтап қалу үшін, болашақ ұрпақтың азат елде өмір сүруі үшін күресті.

Бүгінде біз осындай батырларымыздың арқасында тәуелсіз елде өмір сүріп отырмыз. Олар біздің тарихымыздың ең жарқын беттерін жазды.

Соғыстың әрбір батыры ұмытылмауға тиіс. Өйткені олардың қанымен, жанымен келген жеңіс – біздің халқымыздың даңқы.

Ерлік – мәңгілік! Батырлар ұмытылмайды!

Самат ЖҰМАТАЙҰЛЫ,

Ш.Уәлиханов атындағы

Тарих және этнология

институтының ғылыми

қызметкері, жас ғалым

РУХАНИ ОРДАҒА ЖАҢА МӘРТЕБЕ БЕРІЛУІ МҮМКІН

Әлемнің түрлі елдеріндегі қолөнершілерді біріктіруші – «World Craft Council» халықаралық ұйымының сарапшылары киелі шаһарда бас қосты.

Олар 3 күн бойы Түркістан қаласы маңындағы тарихи-мәдени орындарды аралап, өңір қолөнершілері жасаған бұйымдармен танысты. Оқу-

шылар сарайында жеткіншектердің қолынан шыққан дүниелерге зер салды.

Үндістан, Түркия және Шығыс Азия елдерінен келген қолөнершілер енді көргендерін ұйымға мүше басқа елдердегі әріптестеріне көрсетіп, Түркістанның мүмкіндіктері жайында баяндайды.

ТҮРКІСТАНДА ПАРА ПАУЭРЛИФТИНГ ФЕДЕРАЦИЯСЫНЫ ФИЛИАЛЫ АШЫЛАДЫ

Түркістан облысы әкімінің бірінші орынбасары Зұлпыхар Жолдасов ҚР Пара пауэрлифтинг федерациясының президенті Қанат Құдайбергеновмен кездесті. Басқосуда пара спорт түрлерін дамыту, өңірдің пара спортшыларын Паралимпиадаға дайындау мәселелері талқыланып, Түркістан қаласынан федерацияның филиалын ашу мүмкіндіктері жан-жақты қарастырылды.

Облыс әкімінің бірінші орынбасары спорт саласын дамыту бағытындағы ұсыныстарға ашық екенін жеткізіп, қолдау білдірді.

– Түркістан облысында пара пауэрлифтинг спорты қарқынды дамып келеді. Өңірде мүмкіндігі шектеулі спортшыларға арналған



да көптеп ашылуда. Осы қаладан Пара пауэрлифтинг федерациясының филиалын ашуды көздеп отырмыз. Федерация жоғарғы бағаға ие. Спортшыларымыз

«Сауран» спорт клубы жұмыс істейді. Спорт клубында осы бағыт бойынша 48 спортшы тіркеліп, шынығуда. Біз бұл бағыт бойынша ұсыныстарыңызды қолдаймыз. Халық тығыз орналасқан өңірде потенциал жоғары. Ғимарат, жаттығушылар бойынша мәселені шешуге мүмкіндігіміз бар, – деді Зұлпыхар Жолдасов.

Қанат Құдайбергенов федерацияның жетістіктерімен бөлісіп, алдағы мақсаттары туралы баяндады.

– Түркістан қаласы қарқынды дамып келе жатқан өңір. Жаңа спорт нысандары

биік белестерді бағындырып келеді. Спортшылардан бөлек, жаттықтырушылар мен төрешілерді де дайындаймыз. Федерация құрамында 2 халықаралық дәрежедегі төреші бар. Бұл спорт түрін Түркістан өңірінде де дамытуға ниеттіміз. Сіздерден қолдау күтеміз, – федерация президенті.

Бытыр облыстың пара спортшылары Қазақстан Республикасының чемпионатында 14 алтын, 7 күміс, 6 қола жеңіп алды. Одан бөлек, Дубайда өткен Әлем Кубогында 2 алтынға қол жеткізді.

АСТАНА МЕН САМАРҚАНД АРАСЫНДА ЭУЕ БАҒЫТЫ АШЫЛАДЫ

Рейстер Түркістан арқылы транзитпен жүзеге асады. Эуе рейстері апта сайын бейсенбі және жексенбі күндері орындалады.

Астана-Самарқанд рейсінің кестесі:

- Бейсенбі: Астана 16:15 – Самарқанд 20:00,

Самарқанд 21:00 – Астана 01:30

- Жексенбі: Астана 07:25 – Самарқанд 11:00,

Самарқанд 12:00 – Астана 15:30

Түркістан-Самарқанд рейсінің кестесі:

- Бейсенбі: Түркістан 19:10 – Самарқанд 20:00,

Самарқанд 21:00 – Түркістан 21:50

- Жексенбі: Түркістан 10:10 – Самарқанд 11:00,

Самарқанд 12:00 – Түркістан 13:00

ІРІ БИЗНЕСТІ НЕСИЕЛЕНДІРУГЕ АРНАЛҒАН КЕПІЛДІК ҚОРЫ ҚҰРЫЛАДЫ

Экономиканы, әсіресе ірі инвестициялық жобаларды несиелендіруді жандандыру мақсатында ірі бизнес үшін кепілдік қорын құру туралы шешім қабылданды. Бұл туралы Үкімет отырысы барысында «Бөйтерек» ҰБХ» АҚ басқарма төрағасы Рустам Қарағойшин мәлімдеді. Қор екінші деңгейлі банктердің өтімділігін экономикаға несие беруге және жеке және мемлекеттік қатысушылар үшін қаржыландырудың тартымдылығын арттыру құралы ретінде қызмет ететін болады, деп хабарлайды ҚР Үкіметінің Telegram-каналы.

Механизмнің негізгі мәні

мынада – мемлекет ірі жобаларды несиелендіруге байланысты қаржылық тәуекелдердің бір бөлігін өзіне алады. Бұл қаржыландыруға қол жеткізу мен шарттарын жақсартуға мүмкіндік береді, өз кезегінде экономика үшін маңызды бастамаларды дамытуға ықпал етеді.

Холдинг жанынан Кепілдік қоры құрылып, құны 7 млрд теңгеден басталатын жобаларды қолдауға бағытталады.

«Бұл қор ірі және стратегиялық маңызды жобаларды жеткілікті кепілмен қамтамасыз ету мәселесін шешу үшін пәрменді құрал болады», – деп атап өтті отырыста Рустам Қарағойшин.

ТОП 10:

Нәзікжандыларға сый - сыяпат

8 наурыз — әйелдерге деген құрметті білдіретін ерекше күн. Бұл күні сыйлықтар арқылы олардың еңбекқорлығын, сұлулығын және жан-жақтылығын бағалау маңызды. Міне, әйелдерге ұсынуға болатын 10 сыйлық идеясы:



суарлар әйелдерге ерекше сыйлық болады.

6. Кітаптар

•Сүйікті жазушыдан немесе өзін-өзі дамыту, мотивация және тұлғалық өсу туралы кітап сыйлау әрқашан керемет идея. Кітаптар әр әйелдің жан дүниесіне терең әсер етеді.

7. Шоколад пен тәттілер жинағы

•Сапалы шоколад немесе ерекше тәттілер жинағы – дәмді әрі көңілді сыйлық. Бұл тәтті сәттерді жақын адамдарыңызбен бірге өткізуге мүмкіндік береді.

8. Сәнді сөмке немесе аксессуар

•Әр әйелдің гардеробында стильді сөмке немесе сәнді аксессуар маңызды орын алады. Оларды сыйлық ретінде ұсыну керемет таңдау болады.

9. Демалыс немесе SPA сертификаты

•Әйелдер үшін стресстен арылып, тынығатын орындар маңызды. SPA немесе массаж сертификаты оған демалуға, рахаттануға мүмкіндік береді.

10. Электронды гаджеттер немесе аксессуарлар

•Егер әйел техникаға қызығатын болса болса, смартфон, планшет,

Бұл сыйлықтар әр түрлі әйелдердің қажеттілігіне сәйкес таңдалған, олардың әрқайсысы сүйікті адамдарына деген ыстық ықыласты білдіреді.



1. Гүлдер

•Әрқашан танымал әрі символикалық сыйлық. Әсіресе, раушан, лалагүл, орхидея, немесе басқа да сүйікті гүлдер жүректі жылытады.

2. Әйелдерге арналған хош иіссулар

•Махаббат пен әйелдік қуанышты білдіретін нәзік және тартымды парфюмерия. Әрбір әйелдің жеке хош иісін табу маңызды.

3. Сәнді зергерлік бұйымдар

•Алқа, сақина, білезік, немесе сырға сияқты зергерлік бұйымдар әр әйелдің стилін толықтырып, оның ерекше екенін сезіндіреді.

4. Дене күтімі мен косметика жинағы

•Әдемі упаковкадағы тері күтіміне арналған кремдер, лосьондар, маскалар және басқа да сыйлықтар әйелдердің өздерін күтуіне көмектеседі.

5. Қолөнер бұйымдары

•Қолмен жасалған өнімдер, мысалы, тоқыма шарфтар, қолбен жасалған ыдыстар немесе сәнді аксес-

КОКО ШАНЕЛЬДІҢ КЕҢЕСІ

Сұлулық қарапайымдылықта;
Үйден шықпас бұрын, айнаға қарап, бір аксессуарды алып тастаңыз;
Сән-салтанат ыңғайлы болуы керек, әйтпесе бұл сән-салтанат емес;
Ұсқынсыз әйел болмайды, еріншек әйел болады;
Сән-салтанат – іші де бет-әлпет сияқты әдемі болса;
Бейқамдық ұқыпсыздықты білдірмейді;
Киім сізге тамаша сәйкес келуі керек;
Парфюмерия да киім;
Көйлектің ішінен әйелді іздеңіз. Әйел жоқ - көйлек жоқ;

Барлық әйел сұлу болып тумайды, ал 30 жасқа дейін әдеміленбесе, оның жәй ғана ақымақ болғаны.

Мен бүкіл әлем әйелдері үшін киім тігіп шығардым, ал олар келіп жалаңаш жүруге тырысады.

Әйелдер әйелдер үшін киініп, өзара бәсекелес дейді. Ол рас. Бірақ егер жер бетінде ер адамдар болмаса, олар тіпті киінбесте еді.



Гүлдер — адамның сезімдерін білдірудің ең әдемі және әсерлі жолдарының бірі. Олар қуаныш, махаббат, құрмет, ризашылық немесе көңіл-күйдің өзгеруі

Гүлді

СЫЙҒА ТАРТУДЫҢ ҚҰПИЯСЫ

сияқты түрлі эмоцияларды білдіру үшін қолданылуы мүмкін. Гүлдермен сыйлық беру — ежелден келе жатқан дәстүр, бұл адамның басқа біреуге деген сезімдерін көрсетудің бір түрі. Гүлдер сыйға тартудың сырын және түрлерін бірнеше аспектілерде қарастыруға болады:

1. Гүлдердің мағынасы мен сыры:

Әрбір гүлдің өзіндік мағынасы бар. Кез келген гүлді сыйға тарту оның беретін мағынасына байланысты болуы мүмкін.

•Рожа — махаббаттың және романтиканың символы. Қызыл раушан — махаббат пен құштарлықтың белгісі, ал ақ раушан — тазалық пен адалдықты білдіреді.

•Лалагүл — қадір-құрмет пен жоғары мәртебенің белгісі. Ол сондай-ақ ұзақ өмір мен бақыттың да символы болуы мүмкін.

•Түймедақ — шынайылық пен қарапайымдылықтың белгісі. Бұл гүлдің сыйлығы жиі достарға немесе жақын адамдарға беріледі.

•Орхидея — экзотикалық гүл, өсемдік пен нәзіктікті білдіреді. Орхидеяны сыйға тарту — құрмет, сүйіспеншілік және ізгі ниеттердің белгісі.

•Қызғалдақ — көктемнің символы, жаңа бастамаларды білдіреді. Әсіресе қымбаттылық пен сұлулықты білдіретін гүл.

•Хризантема — ұзақ өмір мен бақыттың белгісі. Ол әсіресе Азия елдерінде құрмет пен сыйластықты білдіреді.

2. Гүлді дұрыс таңдау:

Гүлдер сыйға тартудың бір сыры — оның шынайы мәнін түсіну және адамға деген қарым-қатынасыңызға сай гүл таңдау. Сыйлы гүлдердің түрі мен саны да маңызды болуы мүмкін:

•Бір гана гүл: Бір гана гүл (мысалы, қызыл раушан) сыйға тарту — терең және шынайы сезімді білдірудің белгісі. Бұл махаббатты, сүйіспеншілікті білдіреді.

•Шоқ гүлдер: Көп гүлдерден тұратын шоқ — құрмет пен маңызды оқиғаны атап өту белгісі. Өртүрлі гүлдерден тұратын шоқ — адамның ерекшеліктеріне немесе маңызды өмірлік кезеңдерге арналған сыйлық. Мұндай шоқтар ерекше жағдайларда, мысалы, мерейтойларда, тойларда, көркем өнер көрмелерінде сыйға тартылуы мүмкін.

2. Гүлдер сыйлау дәстүрлері:

Әрбір мәдениетте гүлдерге қатысты



өз дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары бар:

•Қазақ дәстүрінде: Гүлдер көбінесе құрмет пен сыйластықты білдіру үшін беріледі. Мысалы, қазақ мәдениетінде ерекше мәртебесі бар әйелдерге, аналарға және ұстаздарға гүл тарту — терең құрметтің белгісі. Көбінесе қызыл немесе ақ раушандар, лалагүлдер беріледі.

•Еуропа мен Америкада: Гүлдер сүйіспеншілікті, ал құрмет гүлдері — құрмет пен ризашылықты білдіреді. Мысалы, үйлену тойында көбі орхидея немесе қызғалдақ сыйлайды.

4. Гүл сыйлаудың түрлері:

Гүлдер түрлі мақсатта және әртүрлі жағдайларда берілуі мүмкін. Олардың арасында:

•Романтикалық жағдайлар: Махаббат, сүйіспеншілік пен романтика үшін қызыл раушан немесе орхидея.

•Туған күндер мен мерейтойлар: Көбінесе түрлі түсті гүлдер шоқтары немесе гүлдерден композициялар (мысалы, күнбағыс, лалагүлдер, орхидеялар).

•Құттықтаулар мен ризашылық: Ақ немесе сары раушандар, хризантемалар, гүл шоқтары.

•Қуаныш пен көктемгі көңіл-күй: Түймедақ, қызғалдақ немесе лалагүл.

•Сұрақ қою мен ұсыну: Жиі қызыл раушан мен қызғалдақтар таңдалады.

5. Гүлдер сыйлау сәттері:

•Туған күндер: Жақын адамға туған күнінде гүл сыйлау — ерекше сәт. Мұндай сыйлық адамның көңіл-күйін көтеріп, ерекше сезімдермен бірге болады.

•Жыл сайынғы мерекелер: 8 наурыз — Халықаралық әйелдер күні, туған күндер, ғашықтар күні — бұл гүл сыйлау үшін ең жақсы уақыт.

•Кештер мен салтанаттар: Гүлдер рәсімдердің ажырамас бөлігі болып табылады, олар әртүрлі салтанатты шаралар мен тойларда, сондай-ақ әртүрлі мерекелік іс-шараларда сыйлық ретінде беріледі.

Гүл сыйлау — бұл адамдарға өз сезімдеріңізді, құрметіңізді білдірудің нәзік әрі өсем тәсілі. Әр гүлдің өз мағынасы мен тарихы бар, сондықтан әрбір жағдайға сәйкес гүл таңдап, оның сыры мен маңызын түсіну өте маңызды.



Кішкентай ханшайымға қандай сыйлық ұсынған дұрыс

8 наурызда үйдегі қызыңызға не сыйлау керек екенін білмей жүрсіз бе? Мерекені ұзақ уақыт есте қалдыру үшін және сіздің жас ханшайымыңыз оны қуанышпен және күлімсіреумен есте сақтау үшін біздің сыйлықтар таңдауымызды пайдаланыңыз.

1. Декор бұйымдары

Қыздар айналадағылардың бәрін безендіруді жақсы көреді, сондықтан әлемге үйлесімділік пен сұлулық әкелетін өз қолдарымен жасаған нәрсеге ие болсын. Сұлулықтың жас білгірін гауһар мозаика мен жылтырақ картиналар жасауға арналған жиынтықтармен, сондай-ақ сандар бойынша және ағашқа кескіндеме жинақтарымен таң қалдырыңыз.

2. Тосын сый қуыршақтары

Бұл ерекше сыйлық. Қуыршақтан басқа, жарқын қаптаманың ішінде аксессуарлар мен киім-кешектерді, күлкілі үй жануарларын және әртүрлі заттарды жасыратын көптеген құпия сөмкелер бар, олардың әрқайсысы шынайы рахат пен таңдану тудырады.

3. Қолөнер бұйымдары

Тігін тігу, кесте тігу, оригами, моншақ тоқу және тағы басқа - қолөнер жиынтығымен қыз баласы өмір бойы машықтанады. Өміріне қажетті жаңа қызықты хобби табуы өбден мүмкін.

4. Зергерлік бұйымдарды жасауға арналған жинақтар

Бұл зергерлік бұйымдар жиынтығы қыздарға өздерінің даралығын көрсетуге көмектеседі. Өзіңізге немесе әртүрлі пішіндер мен өлшемдердің жарқын, түрлі-түсті элементтерінен сыйлық ретінде түрлі-түсті зергерлік бұйымдарды жасау оңай.

5. Ойыншықтардың тұрмыстық техникасы, миниатюралық ас үйлер

Кішкентай үй шаруасындағы әйелдер мен анасының көмекшілері ойыншық тұрмыстық техниканы немесе ас үйді сыйлыққа алуға қуанышты болады, олар да анасы сияқты кішкентай қуыршақтарына дәмді тағам дайындай алады.

6. Қуыршақтар, балалар қуыршақтары, жұмсақ ойыншықтар

Қуыршақтар, нәресте қуыршақтары, жұмсақ ойыншықтар - бұл әртүрлі жастағы қыздар үшін жеңіске жету

нұсқасы. Кішкентайлар үшін жұмсақ ойыншықтар немесе шынайы нәресте қуыршақтары қолайлы, оларды ұйықтатып, тамақтандыруға болады, ал үлкен қыздарға әйгілі L.O.L қуыршақтарын ұсына аласыз. немесе Барби. Мұндай сыйлықтармен олар көптеген қызықты ойындар мен әңгімелер ойлап табады.

7. Қуыршақ үйі

Көптеген қыздар мұндай сыйлықты армандайды. Ағаштан, пластиктен, үлкен және кішігірім, шынайы тұрмыстық заттармен жасалған - көптеген нұсқалар бар, олардың кез келгені сөзсіз баланы қуантады.

8. Шам және сабын жасауға арналған жинақтар

Сабын, шам немесе парфюмерия жасаудың қызықты процесі ешкімді бей-жай қалдырмайды. Дайын өнім бөлмені безендіреді немесе мақсатына сай қуанышпен пайдаланылады.

9. Күнделік немесе блокнот

Пайеткалар, жапсырмалар мен стикерлері бар, құлпы бар және стресске қарсы ноутбуктер әрбір қызға ыңғайлы болады. Мұндай сыйлық құпияларды, ойларды, армандар мен тілектерді мұқият сақтайды.

10. Зергерлік бұйымдар мен сәнді аксессуарлар

Сәнді сөмкелер, әдемі зергерлік бұйымдар, жарқын шаш қыстырғыштары мен серпімді жолақтар, сағаттар, сәндік шашты ұзарту, түпнұсқа салпыншақ және бейджер кез келген сәнгердің келбетін толықтырады. Сыйлықпен қателеспеу үшін оның стилі мен сән қалауларына назар аударыңыз.

11. Қораптар

Балаларға арналған қорап - кішкентай ханымға да, үлкен қызға да тамаша сыйлық. Олар әртүрлі зергерлік бұйымдарды, жылтыр кішкентай заттарды және басқа да сүйкімді аксессуарларды сақтауға қуанышты болады.

12. Сәндік жастықтар немесе жұмсақ жастық ойыншықтары

Интерьер дизайнына қосымша ретінде сәндік жастық немесе жұмсақ ойыншық жастығы көптеген нұсқалары бар жақсы сыйлық болып табылады. Сіз таныс дизайндағы өнімдерді таңдай аласыз немесе жануарлар мен әртүрлі кейіпкерлердің пішініндегі жастықтарды бере аласыз.

13. Интерактивті үй жануарлары

Мұндай ойыншық ұзақ уақыт бойы назар аударып, кез келген адамды қуанта алады. Интерактивті үй жануарлары, нақты жануарлар сияқты, үреді, мияулайды, жүгіреді және секіреді. Олармен бірге жас иесін жаңа қызықты оқиғалар күтіп тұр.

14. Сұлулық салондары мен балалар косметикасын ойнауға арналған жиынтықтар

Өзінің сыртқы келбетіне мән бермейтін қыздар аз. Сондықтан сұлулыққа арналған сыйлықтар өте орынды болады. Стилисттің жиынтығына



немесе балалар киім-кешек үстеліне назар аударыңыз - өз киім-кешек үстелінің алдында қыз балалар сәндік косметикасының көмегімен киінуге, шаш жасауға және макияж жасауға қуанышты болады.

15. Энциклопедия

Қызыңызды жақсы кітаптармен таныстырыңыз! Жануарларға, өсімдіктерге және сән тарихына арналған үлкен энциклопедия немесе кітаптар сериясы 8 наурызға лайықты сыйлық болады.

16. Караоке микрофоны

Музыкалық караоке микрофоны арқылы талпынған өнші өзінің шығармашылық қабілеттері мен музыкалық шеберлігін бірінші аудитория алдында көрсету үшін сахна жұлдызына айнала алады.

17. Түнгі жарық немесе жұлдызды аспан проекторы

Жұмсақ жарқылы немесе жұлдызды аспан проекторы бар кішкентай түнгі шам өте кішкентай балаларға да, үлкен қыздарға да тынышталып, ұйықтауға дайындалуға көмектеседі.

18. Үстелге арналған ойындар мен басқатырғыштар

8 наурызға тағы бір тамаша сыйлық, ол достарыңызбен және отбасыңызбен көңіл көтеруге мүмкіндік береді. Ең бастысы, ойын тек қызықты және қызықты ғана емес, сонымен қатар қыздың жасына сәйкес келеді.

19. Роликті конькилер, велосипедтер немесе скутерлер

Бос уақытын ашық ауада өткізуді ұнататын белсенді қыздар үшін роликті конькилер, скутерлер және велосипедтер тамаша сыйлық болады, олар жақын арада оларды іс жүзінде сынап көре алады. Сатылымда әр қызға ұнайтын жарқын дизайнмен және әртүрлі «трюктермен» көптеген әртүрлі модельдер бар.

20. Рөлдік ойындарға арналған жиынтықтар

Әрбір қыз өзін нағыз дөрігер ретінде сезіне алады, ертегі ханшайымына айнала алады немесе рөлдік ойындарға арналған жиынтықтардың бірімен дүкен ойнай алады. Мұндай сыйлық оның иесін ұзақ уақыт бойы бос емес етеді, сонымен бірге оның коммуникативті дағдыларын, сонымен қатар қиялын дамытады.

БАБАЛАР ДАНАЛЫҒЫ



Ер кісі бір мезгілде барлық жерді жарық етіп отыратын Күн емес. Олай болса, ері аңға не жорыққа кеткенде, әйелі ерінің отбасын көңірсітпей, үй ішін үлбіретіп отыруы керек. Келген кісіге ерінің жоқтығын білдірмей, құрметпен қарсы алып, дәмді тағам беріп, адал пейілмен сыйлап жіберсе, өзінің абыройын арттырып қана қоймайды, ел арасында ерінің де абырой-беделін асқар шыңға шығарады. Ер кісінің абыройы әйелінің адамгершілік қасиеттеріне тікелей байланысты. Керісінше, әйел парықсыз, жүрген жерінде абыройсыз, ар-намысын аяққа басып жүрген бәдік болса, күйеуінің де абыройы болмайды, ауыздағы сөзі аяқтыға жол болады.

Шыңғыс хан.

Атың жақсы болса,
Ер жігіттің пырағы,
Балаң жақсы болса,
Жан мен тәннің шырағы.
Қызың жақсы болса,
Жайқалып өскен құрағы.
Әйелің жақсы болса,
Бірінші - иманың,
Екінші - жиғаның,
Үшінші - ырысыңның тұрағы.

Төле би.

Жақсы жігіт ел –
жұртының қаласындай,
Жақсы әйел әмме жұрттың
анасындай

Жақсыға ешкімнің де
жаттығы жоқ,
Көреді бәрін де өз баласындай.

Сүйінбай Аронұлы.

Әйел адам - гүлмен тең.

Абай Құнанбаев.

Үй ішін жаман әйел тұмандатар,
Домалап әрбір жерде құмандатар.
Тазалық бұл әйелде болмаған соң,
Күнәге жігіт адам сонда батар.

Ақан Сері Қорамсаұлы.

Біздің жерімізде еркек – діңгек,
әйел – гүл. Діңгек – жапырақсыз,
гүлсіз, қазақша айтқанда “қу бас”
деген сөз. Әйел – құнарлы топырақ,
онда адамзат дәні өсіп, жетіледі. Біз
сол дәннің жемісіміз. Әйелсіз адамзат
“жемісі” ешқашан да болмайды.

Бауыржан Момышұлы.

Күшті махаббат қана күйеудің бойындағы кінәратты жеңеді. Күшті махаббаты бар ақылды, сабырлы әйел ғана жаман жігіттен жар жасап алады. Содан кейін олар бірінің айтқанынан бірі шықпай сыйласымды, тату-тәтті өмірді бастарынан кешіреді. Бұл жолда әйелдің көп қажыр, қайраты жұмсалады. Ол жақсы жарды содан соң барып табады. Адам бойындағы, әсіресе қыз бойындағы қасиет ана берген тәрбиеден ғой.

Әзілхан Нұршайықов.

Әйел — ердің төңірі, жарата да алады, сүйдіре де алады, күйдіре де алады.

Мағжан Жұмабаев.

Әйел ашуланса жеңіледі, еркелесе жеңеді...

Фабит Мүсірепов.

«Оппозиция – әйеліңнен басталады» Ол сенің жанашырың.

Қадыр Мырза Әли.



ГЕНЕРАЛ – 75 ЖАСТА

Өткенді орынсыз, дәлелсіз қаралау әділеттілік емес. Рас, өкімет пен партиялық билік басында отырғандардың көбінің кемшілігі, қатесі, тіпті қылмысы да болған. Бірақ, сол кезеңде, сол қоғамда қаншама адал адамдар өмір сүргенін қаншама адам сауаттанғанын қаншама жетімдер өсіп жетілгенін кім жоққа шығара алады. Кеңес Одағының жетім мен жесірге қайырылымдылығы мен қамқорлығы көп болғаны да шындық егер қараусыз қалғанда тұлдыр жетімдер жетер ме еді, егер олар сол қоғамға адал болмасы, кешегі өткен қанды соғыста отанын отқа түсіп қорғар ма еді... Шер көкірек, өзінің қанаты қатаюына, аталық аналық қамқорлығына риза болған олардың көбі сол сұрапылда өзін-өзі «Отан үшін алға» деп оққа, отқа лақтырмас еді ғой. Бір гана мысал, өзіміздің Арыстағы балалар үйінен сол соғыста бес Кеңес Одағының Батыры, бір мемлекеттік қайраткер, бір мықты сатирик жазушы шыққанының өзі көп нәрсеге көз жеткізді.

Сондай өкімет қамқорлығы арқасында жетілген жетімдердің бірі облысымыздан шыққан санаулы генералдардың бірі Балғабай Байжігітов еді.

Балғабай 1921 жылы қазіргі Отырар ауданында 21 желтоқсанында дүниеге келді. Сегіз жасында әкеден айырылды. Ашаршылық жылдарына тап келген жетімдік тағдыр оны аямады. Құйттай бала қатал тағдырмен бетпест күресіп, қозы да бақты, масақ та терді. Жалаң аяқ, жалаң бас жүгіріп жүріп мектептен де қалмады. Жетіжылдық мектепті бітірген соң Шымкенттегі ауыл шаруашылық техникумына оқуға түсті. Онда Кеңес Одағының Батыры Бейсен Оңтаев, мемлекет қайраткері Исатай Әбдікәрімов, Ұлы Отан соғысының ардагері Талқа Әйменов, Көшербай Ысқақовтармен бірге оқыды.

1942 жылы соғысқа кетті. І Украина майданы құрамындағы шекарашылар заставасы бастығының орынбасары қызметін атқарды.

1946 жылы Берлин аумағында өткен Потсдам конференциясында үш ұлы державаның басшылары И.В.Сталин, У.Черчилль, Г.Трумэнді қорғау шараларында өкіметтің айрықша тапсырмасын орындауға қатысып Жоғары үкіметтің алғысына ие болды.

Соғыстан соң елге аман есен оралып, еңбек жолын аудандық МҚК (мемлекеттік қауіпсіздік комитеті) бөлімшесінің оперативтік уәкілінің жәрдемшісінен бастады. Киров (қазіргі Асықата), Ильич (қазіргі Мақтаарал) аудандарында, кейіннен



МҚК-нің облыстық басқармасында оперативтік бөлімінің бастығы болып қызмет етті. Ал, 1965-1985 жылдар аралығында Атырау және Ақтөбе облыстық МҚК-нің бастығы қызметтерін атқарды. Бір гана Ақтөбе облысында 15 жылдай, үздіксіз, тапжылмай қызмет ету біздің салада сирек кездесетін жағдай.

1985 жылдан бері құрметті демалысқа шыққан әскери зейнеткер Балғабай Байжігітов туған елге оралды. Соншама жылдар қалтқысыз қызмет еткен генералдың генерал шәкірттері де көп. Мәселен, Алматыда Жакия Сейтқазиев, Ақтөбеде Юрий Брызгалов, Атырауда Бейсен Саппаев және ол кісінің тікелей араласатын, күні бүгінге дейін сырласып тұратын шәкірті, біздегі Ұлттық Қауіпсіздік Комитеті басқармасының бастығы Анатолий Михайлович Дружинин ұстаздарын құрмет тұтады. Анатолий Михайлович «Бөкең қатал, талапшыл, бірақ әділ бастық болған. Бізді жауаптылыққа, адалдыққа тәрбиеледі. Менің өсу жолымда ол кісінің еңбегі, тәжірибесінің үлесі мол» дейді.

Ұлы Отан соғысындағы және МҚК саласындағы қажымас еңбегі, ерлігі жоғары бағаланып, 3 орден, 20-дан астам медаль, екі рет ҚазКСР-і Жоғарғы Кеңесінің Құрмет Грамотасымен наградталған, МҚК-нің ең жоғарғы атағы «Құрметті чекист» белгісінің иегер Балғабай Байжігітов елу жылдан бері жұбайы Сұлханмен тату-тәтті өмір сүріп, төрт бала тәрбиелеп, немере, шөбере көріп отыр.

Осы күнге дейін бізге келіп, араласып, ақыл-кеңесін беріп тұратын облысымыздағы алғашқы генерал күні ертен 75 жасқа толып отыр. Біз бүгін Ұлттық Қауіпсіздік Комитетінің облыстық басқармасының, осы басқарманың ардагерлер кеңесінің атынан Балғабай Байжігітовті мерейтойымен құттықтап, мықты денсаулық, ұзақ өмір, мұқалмас қажыр-қайрат, отбасына береке, бақыт тілейміз.

И.Қ.ШҮЛҒАУБАЕВ,
ҚҚК Оңтүстік Қазақстан облыстық басқармасы ардагерлер кеңесінің төрағасы.

Әр ұрпақ өз ішінен аса белгілі және лайықты өкілдер шығарып отырады. Олардың ой-пікірімен өмірі келешекте көпшілікке өнеге саналады. Дәл сондай Тұлға болып ағабуын ұрпақтардың есінде сақталған марқұм Арыстанбеков Аубакир Абдраимұлы, биыл 1998 жылы 90 жасқа келер еді. Ол өмірде қандай жан болған?

«Застой кезінде газетке жазылатын трафарет бойынша»... Совет өкіметін орнатуда және нығайтуға үлкен үлес қосқан белгілі мемлекет қайраткері... десек толық жау-ап берілмейді: Ол алдымен АДАМ еді. Замандастарының айтуынша Арыстанбеков жұмыс, іс-әрекетінде ақылды, салмақты, парасатты, ақ-ниетті азамат болған. Адамдарға сезіксіз сеніммен қарап, әділ бағасын беретін, ара-қатынаста қарапайымдық пен кішіпейілдік көрсетіп отырған. Осы айтылған қасиеттерімен қоса қызметін, мемлекет пен қоғам жұмыстарын айрықша беріліп атқарғаны оның Қазақстан Республикасы МҚК басқарған кезінде айқын ашылған. Арыстанбеков А.А. өмір жолын 1930 жылы 22 жасында Қостанай облысының аудандық ОГПУ оперативтік уәкілінің көмекшісінен бастаған. 1936 жылдан аудандық, облыстық, республикалық аппараттарда басшылық қызмет атқарған.

Ұлы Отан соғысы басталысымен 1941-1943 жылдары шет мемлекет жағдайында Совет өкіметінің тапсырмасын орындаған. Соғыстан кейінгі жылдары Жамбыл, Семей, Оңтүстік Қазақстан, Қарағанды облыстық МҚК басқармаларында басшылық еткен. 1954-1963 жылдары Қазақ республикасы МҚК төрағасының бірінші орынбасары, төрағасы қызметін атқарған.

Бірінші болу әрқашанда құрметті. Сонымен бірге өте ауыр және жауапты міндет. Аубакир Абдраимұлы республикалық мемлекет қауіпсіздік қызметін басқаруға сенім білдірген қазақ халқының бірінші өкілі және осы салада жоғары әскери атақ, генерал-майор шеніне ие болған бірінші қазақ.

Арыстанбековтың 4 орденмен наградталғаны, бірнеше рет ССРО мен Қазақ ССР Жоғарғы Советіне депутат болып сайланғаны Отан алдындағы зор еңбегінің дәлелі. Жеті қазақ чекистерінің ішінде бірінші болып ол 1957 жылы «Мемлекет қауіпсіздігінің құрметті қызметкері» атағына ие болған.

33 жылдың ішінде мемлекет қауіпсіздік қызметінің барлық сатысынан өткен; қатардағы оперативтік уәкілдің көмекшісінен республика МҚК төрағасы міндетіне дейін, кіші лейтенанттан генерал-майорға дейін көтерілген ардагер.

Елімізде саяси репрессиясының қайнаған кезінде Қазақстанның аты аңызға айналған чекисті Жакупов Серікқали, болып жатқан заңсыздыққа қарсылық білдіргені үшін жазықсыз қамалып, атылып кеткен. Арыстанбековтың басқа да талай жақын адамдарының өмірі қиылған. Соған қарамастан, жеке басына төнетін қауіптен сескенбей, атақты мемлекет, ғылым, өдебиет, мәдениет қайраткерлеріне жасалған заңсыздықтарды қолда-

ҰМЫТЫЛМАС ТҰЛҒА!

май, сенімсіздік білдірген. Сол үшін ол наркомат басшыларының «қара» тізіміне түскен. Азаматтық қаржылығы мен рухани түсінігімен ауыр кезеңде шындық пен әділеттікті жақтаған. Д.А.Қонаевтың «От Сталина до Горбачева» кітабында. «МҚК-нде әділетті және адал азаматтар аз болған жоқ, өздерінің ұғымдарынан және ар-ождандарынан қайтпаған. Сол чекистердің ішіне Қазақстан МҚК төрағасы қызметін атқарған Аубакир Арыстанбековты қоссам қателеспейтін шығармын...» - деп жазылған.

Қабілеті саяз, авантюрист Юсупов барлық жағынан Хрущевке жайлы адам саналған. Қазақстан орталық партия комитетіне Бірінші хатшы етіп сайланған күннен бастап лауазымды қызметін пайдаланып көптеген басшы кадрларды қуғынға ұшыратқаны, ішінде Д.Қонаевта болғаны көпшілікке мәлім. Юсуповтың инициативасымен, Хрущевтың қолдауының арқасында 1963 жылы, ойламаған жерден Арыстанбеков орнынан босатылды. Бірақ КСРО МҚК Арыстанбековты зейнеткерлікке шығару бұйрығында өте жылы лебізбен ол кісінің ұзақ жылдар жауапты қызмет атқарғаны жоғары бағалап, барлау мен қарсы барлау кәсіпқой және кең жүректі азамат ретінде тарихта қалатындығы атап өтілген.

Арыстанбеков А. А. біздің облыстық МҚК басқармасының бастығы (1951-1953 ж.ж.) болған уақытта мекемеіміздің жұмысы алға бастап отырды. ҚКП обкомының бюро мүшесі міндетін атқарып, облысымыздың жетістіктеріне күрделі үлес қосты, абырой-атағы жоғары дәрежеде болды. Кадр мәселесін шешуде адам басына сезіксіз сеніммен қарап, жерлестікке бөлмей, саналық оймен, қабілетіне байланысты бағалап отырған. Ф.Э.Дзержинскийдің «салқын басты, ыстық жүректі, таза қолды» азаматтар ғана чекист болады деген девизін бұлжытпай басшылыққа ұстаған. Келешегінен үміт күттіретін азаматтарды, өсіресе қазақ жастарын, қызмет дәрежесінде өсіруге ынталы болатын.

1951 жылы Абекеннің ұсынысымен мені оперативтік бөлімшеге бастық етіп тағайындау туралы Министрдің бұйрық шифртелеграммасы келді. Абекең кабинетіне шақырып, бөлім бастықтарының алдында шифр телеграмманы жариялап «біздің басқармадағы ең жас бастық» - деп мені құттықтағаны есімнен кетпейді. Ол кезде жасым 25-ке жаңа толған едім.

1952 жылдың басында КСРО МҚК оперативтік құпия жұмысты заңдылыққа сәйкестендіру туралы іске асыру мәселесімен Арыстанбеков 3-4 ауданға командировкаға шықты. Көмекші ретінде мен, қасына алып жүрді. Сол жолы байқағаным Абеке қара, кірісіп. Керекті оперативтік құжаттарды өз қолымен жазып үлгісін біздерге ұсынып отырды, орысша сауатты жазуы әдемі, анық болатын. Қонақтарға дастархан басында өзін өте әдепті, мәдениетті ұстап, жасандылықсыз қарапайым-



дылық пен кішіпейілдік білдіріп отырған. Қарамағындағы қызметкерлер алдында басшылығын міндет санамай, ашық мінез білдіріп, өмірдегі өткен-кеткен оқиғалардан өнгіме қозғап, қазіргі чекистерге қандай талап қойылатыны жөнінде ақыл-ойын ортаға салып отыратын. «Ішкілікті» тартпайтын, бірақ аумағында бірге отырған азаматтарға азды-көпті көтеруге қарсылық білдірмейтін, тежеу салмайтын.

Жоғары іскерлігімен қатар Арыстанбеков жоқ кезде (демалыста болған) Бостандық аудандық МКМ бөлімшесінде адам құқына байланысты заңсыздықтар жіберілгенін естіп, жұмысқа шығысымен терең тексеруге алып, құқығы бұзылған азаматты айыптан босатып, бөлімшенің бастығы Айдаровты қатаң жазаға бұйырып, соңында орнынан босатты.

ҚКП Шымкент қалалық комитетінің ІІ-ші қатшысы Елеуменов қызмет бабын пайдаланып ағайынгершілікке салынып, біздің басқарманың кезекте тұрған қызметкеріне бөлінген пәтерді жақын адамына ордер алып берген. Өз ой-пікірін табандылықпен, партиялық принциптен өткізетін. Арыстанбеков Елеуменовтың шешімін бұздырып үйді бөлінген қызметкердің өзіне алып берді. Жалпы Абекең партиялық жолды қатаң ұстағанымен, партия айтты деп шабармандық жасамайтын.

Арыстанбеков республикалық, облыстық МҚК басқарып тұрған кезінде көптеген чекистер іріктеліп, басшы міндеттерге, генерал, полковник дәрежесіне жеткен. Солардың ішінде жерлесіміз генерал Б.Байжігітовті, полковник Қ.Бишімбаевті, М.Ахметовті, осы жолдастарды т.б. атауға болады. Абекеңнің тәжірибе өткендер, ол кісіге ұқсастыққа, жұмыс стилінің жақсы жағын қабылдауға тырысқан. Осы құрметті ардагерлеріміздің көптеген шәкірттері бүгінгі республикамыздың ұлттық қауіпсіздігін қырағы сақтау сапында.

Жоғарыда көрсетілген Қазақстан Республикасымен біздің облысымыздың МҚК қызмет еткен Арыстанбековтың зор еңбегін бағалап, ол кісінің есімін мәңгілік сақтау мақсатында басқарған мекемесіне ескерткіш тақта орнатып, Шымкент қаласының бір көшесіне атын беруді бүкіл ардагер чекистер атынан ұсыныс білдіреміз.

И. ШҮЛҒАУБАЕВ,
ҚР ҚҚК Оңтүстік Қазақстан облыстық департаментінің ардагерлер кеңесінің төрағасы - отставкадағы полковник.



Открылось наследство

*** Открылось наследство после смерти гр. Карибаева Махсатхан Задабековича, умершего 08.01.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Бурабай А.К. Туркестан. обл. с. Рыскулова ул. Рыскулова 290. тел. 8-708-824-79-95.

*** Открылось наследство после смерти гр. Нартбаева Ташкенбай Сагатовича, умершего 22.01.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Амирханову Е.Н. г. Шымкент пр. Кунаева 59 тел. 8-777-417-72-77.

*** Открылось наследство после смерти гр. Саламова Эдельсольт, умершего 20.06.2024г. Наследникам обращаться к нотариусу Оспановой Г.Д. г. Шымкент ул. Уалиханова 184. тел. 8-707-499-46-76.

*** Открылось наследство после смерти гр. Шаматовой Луизы Бектаевны, умершей 27.12.2024г. Наследникам обращаться к нотариусу Ешаевой Г.Д. г. Шымкент мкр. Терискей 116/1 тел. 8-771-685-75-23.

*** Открылось наследство после смерти гр. Орисбай Шынғысхан Набиханулы, умершего 27.01.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Сулейменову А.О. г. Шымкент ул. Жолдасбекова 531 тел. 8-701-685-85-85.

*** Открылось наследство после смерти гр. Орынбасарова Исабек Баршатовича, умершего 25.04.2024г. Наследникам обращаться к нотариусу Альчикеновой Ж.С. г. Шымкент ул. Мадели кожа 1 Г. тел. 8-705-682-20-75.

*** Открылось наследство после смерти гр. Адановой Бакытгуль Жолдыбаевны, умершей 12.01.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Альчикеновой Ж.С. г. Шымкент ул. Мадели кожа 1 Г. тел. 8-705-682-20-75.

*** Открылось наследство после смерти гр. Есалиевой Айгуль Низановны, умершей 20.01.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Танбергенову С.А. г. Шымкент мкр. Нурсат 39/1 тел. 8-777-686-66-13.

*** Открылось наследство после смерти гр. Сарсенбекова Ергали Ибрагимовича, умершего 06.02.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Танбергенову С.А. г. Шымкент мкр. Нурсат 39/1 тел. 8-777-686-66-13.

*** Открылось наследство после смерти гр. Мордвин Анатолий Алексеевича, умершего 19.12.2024г. Наследникам обращаться к нотариусу Ингенбаевой Р.А. г. Шымкент пр. Кабанбай батыра 14/23. тел. 8-701-407-52-26.

*** Открылось наследство после смерти гр. Донцовой Веры Алексеевны, умершей 07.02.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Жалгасовой Ж.Н. г. Шымкент ул. Дулати 27 тел. 8-701-747-62-87.

*** Открылось наследство после смерти гр. Тажибаева Жанабил Кыдыргалиевича, умершего

03.01.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Альчикеновой Ж.С. г. Шымкент ул. Мадели кожа 1 Г. тел. 8-705-682-20-75.

*** Открылось наследство после смерти гр. Саденова Батырхана Сеитовича, умершего 25.08.2024г. Наследникам обращаться к нотариусу Альчикеновой Ж.С. г. Шымкент ул. Мадели кожа 1 Г. тел. 8-705-682-20-75.

*** Открылось наследство после смерти гр. Багжанова Эсилхана, умершего 08.11.2024г. Наследникам обращаться к нотариусу Мешитбаевой З.Д. г. Шымкент ул. Мадели кожа 1 Г. тел. 8-771-383-43-47.

*** Открылось наследство после смерти гр. До Дмитрий Петровича, умершего 17.02.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Альчикеновой Ж.С. г. Шымкент ул. Мадели кожа 1 Г. тел. 8-705-682-20-75.

*** Открылось наследство после смерти гр. Абилкасимова Мадихан Адакановича, умершего 08.01.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Мешитбаевой З.Д. г. Шымкент ул. Мадели кожа 1 Г. тел. 8-771-383-43-47.

*** Открылось наследство после смерти гр. Хаджиметова Хасан Султановича, умершего 09.01.2021г. Наследникам обращаться к нотариусу Ескерову Т. г. Шымкент ул. Абая 11 тел. 8-701-505-88-98.

*** Открылось наследство после смерти гр. Керимжановой Розы Асатовны, умершей 24.07.2024г. Наследникам обращаться к нотариусу Альчикеновой Ж.С. г. Шымкент ул. Мадели кожа 1 Г. тел. 8-705-682-20-75.

*** Открылось наследство после смерти гр. Нарынбаева Исмайл Кузенбаевича, умершего 22.09.2024г. Наследникам обращаться к нотариусу Алипбек Д.С. г. Шымкент пр. Республики 24-44. тел. 8-701-744-10-11.

*** Открылось наследство после смерти гр. Кузнецова Виктор Васильевича, умершего 03.01.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Рашитовой В.В. г. Шымкент ул. Гагарина 54. тел. 8-701-340-92-97.

*** Открылось наследство после смерти гр. Кузнецовой Татьяны Анатольевны, умершей 16.12.2024г. Наследникам обращаться к нотариусу Рашитовой В.В. г. Шымкент ул. Гагарина 54. тел. 8-701-340-92-97.

*** Открылось наследство после смерти гр. Аширбекова Марат Булатовича, умершего 28.08.2024г. Наследникам обращаться к нотариусу Базаркуловой С.А. г. Шымкент Тамерлан. шоссе 1 А. тел. 8-701-888-91-94.

*** Открылось наследство после смерти гр. Манекеева Асилхан Пралиевича, умершего 06.09.2024г. Наследникам обращаться к нотариусу Бурабай А.К. Туркестан. обл. с. Рыскулова ул. Рыскулова 290 тел. 8-708-824-79-95.

*** Открылось наследство после

смерти гр. Нестеренко Валентины Васильевны, умершей 15.11.2018г. Наследникам обращаться к нотариусу Айтмирзаевой А.А. г. Шымкент ул. Бейбитшилик 22/36. тел. 8-776-306-00-73.

*** Открылось наследство после смерти гр. Калдыбекова Икрам Аденбаевича, умершего 02.09.2024г. Наследникам обращаться к нотариусу Джанизаковой Н.Р. г. Шымкент ул. Желтокан 7 тел. 8-701-222-42-83.

*** Открылось наследство после смерти гр. Смаилова Омйрали Сулейменулы, умершего 19.09.2024 г. Наследникам обращаться к нотариусу Кожановой Д.Р. г. Шымкент Тамерлан. шоссе 22 тел. 8-771-307-55-22.

*** Открылось наследство после смерти гр. Шегенова Абди, умершего 19.12.2023г. Наследникам обращаться к нотариусу Альчикеновой Ж.С. г. Шымкент ул. Мадели кожа 1 Г. тел. 8-705-682-20-75.

*** Открылось наследство после смерти гр. Сайдазимова Абдаз, умершего 21.12.1989г. Наследникам обращаться к нотариусу Тойчи А.Р. г. Шымкент ул. Калдаякова 8-7 тел. 8-705-758-88-08.

*** Открылось наследство после смерти гр. Ин Анатолий, умершего 21.12.2024г. Наследникам обращаться к нотариусу Ингенбаевой Р.А. г. Шымкент ул. Кабанбай батыра 14-23. тел. 8-701-407-582-26.

*** Открылось наследство после смерти гр. Антоновой Татьяны Васильевны, умершей 30.10.2019 г. Наследникам обращаться к нотариусу Досимбековой Т.В. г. Шымкент ул. Иляева 4-81. тел. 8-701-727-45-71.

*** Открылось наследство после смерти гр. Кравченко Татьяны Ивановны, умершей 02.12.2024г. Наследникам обращаться к нотариусу Назаровой З.С. г. Шымкент пр. Республики 21. тел. 8-702-762-32-19.

*** Открылось наследство после смерти гр. Искендинова Махсут Идириновича, умершего 24.09.2024г. Наследникам обращаться к нотариусу Альчикеновой Ж.С. г. Шымкент ул. Мадели кожа 1 Г. тел. 8-705-682-20-75.

*** Открылось наследство после смерти гр. Сакенова Серик Альменовича, умершего 02.11.2024г. Наследникам обращаться к нотариусу Алтынбекову С.Б. г. Шымкент ул. Калдаякова 7 тел. 8-705-884-84-84.

*** Открылось наследство после смерти гр. Алиева Мухтар Сматилаевича, умершего 08.09.2024г. Наследникам обращаться к нотариусу Ескрову Т. г. Шымкент ул. Абая 11. тел. 8-701-505-88-98.

*** Открылось наследство после смерти гр. Молдабековой Тойгана, умершей 03.10.2022г. Наследникам обращаться к нотариусу Арыстановой Ф.С. г. Шымкент Тамерлан. шоссе 125/4 тел. 8-747-153-02-83.

Ликвидация

*** ТОО "RAYAN Security" объявляет о своей ликвидации (БИН 250140018214) Все претензии принимаются в течение 2 месяца со дня опубликования. Казахстан г. Шымкент ж/м. Тассай стр. 563.

*** ТОО "Абдигалый" объявляет о своей ликвидации (БИН 231140035233) Все претензии принимаются в течение 2 месяца со дня опубликования. Казахстан г. Атырау сельский округ Алмалы с. Береке ул. 31 дом 28.

*** ТОО "GOLDENWORK Travel" объявляет о своей ликвидации (БИН 230140023990) Все претензии принимаются в течение 2 месяца со дня опубликования. Казахстан г. Шымкент ул. Аскарлова дом 5-2.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

*** ТОО "Bal Kausar"

БИН 200140019451, извещает об уменьшении размера уставного капитала. Претензии кредиторов принимаются в течение месяца с момента опубликования. Казахстан Туркестан. обл. с. Шубарсу, Массив Агросад-3 дом 612/1.

Жарамсыз деп танылсын

*** Утерянные оригинал документов Общественное объединение "Выпускники лицея г. Шымкент "Shym Tulek" БИН 181040037105, г. Шымкент ул. Байтурсынова 18 А. устав-считать недействительными.

ДАРЫНДЫ ОҚУШЫЛАРМЕН ЖҰМЫСТЫ ЦИФРАНДЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ҚОЛҒА АЛЫНУДА

Қазақстан құрамаларының халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жарыстардағы жоғары жетістіктері еліміздің әлемдік білім беру кеңістігіндегі бәсекеге қабілеттілігін айқын көрсетеді. Бұл ретте Қазақстанның биологиядан халықаралық олимпиаданың ең беделді олимпиадаларының бірін өткізу үшін таңдалуы кездейсоқ емес. 2024 жылы еліміз 35-ші халықаралық биология олимпиадасын қабылдады. Оған 81 елден 305 оқушы мен 275 ғалым қатысты. Қазақстан құрамасы керемет нәтиже көрсетіп, 100% нәтижеге қол жеткізді. ІВО-2024 әлемдік академиялық қауымдастық тарапынан жоғары бағаланып, Қазақстанның білім саласындағы көшбасшылығын тағы бір рет дәлелдеді. «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығының директоры Гаждембек Тұрсынов ОКҚ алаңында өткен дөңгелек үстел барысында осылай деді.

Әдістемелердің тиімділігі жыл сайын осы іс-шаралардың жеңімпаздары мен жүлдегерлері республикалық «Үздік педагог» атағына ие болуымен дәлелденеді.

«Айғақ»-ақпарат.

АЙҒАҚ

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде, Ақпарат және мұрағат коми-тетінде 2010 жылдың 5 қаңтарында есепке қойылып,

Құрылтайшысы және меншік иесі «Айғақ» Медиа» ЖШС

Ұлжан ҚАСЫМЖАНҚЫЗЫ НАУШАБАЕВА - Бас редактор
Арайлым ӘБСАҒАТ - журналист
РЕДАКЦИЯНЫ МЕКЕНЖАЙЫ:
 160000, Шымкент қаласы, Ф. Гляев көшесі, 29.
 E-mail: aigak@mail.ru www.aigak.kz
Жандос САҒЫНДЫҚОВ - Безендіруші
Қайрош АЙПЕШОВ - Тарату бөлімі
Ұлжалғас САҒЫНДЫҚОВА - Жарнама

Журналистер: 8 (7252) 30-10-86,
Жарнама бөлімі: 8 (7252) 21-34-30,
Қаржы бөлімі: 8 (7252) 21-06-34 Факс: 30-07-25
Газетті тарату және жеткізу қызметі: 8 776 332 26 61

Газет тарайтын облыстар мен қалалар:

Астана, Ақмола, Алматы, Атырау, Ақтөбе, Ақсай, Ақсай, Батыс Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облысы, Жамбыл, Қызылорда, Қостанай, Көкшетау, Семей, Павлодар, Талдықорған, Қарағанды, Теміртау, Шымкент.

Жазылу индексі

65836

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, «М-press» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, А. Байтұрсынов көшесі, 18.

Талпысы: №-047
 Таралымы: 5070

Нөмірдің кезекші редакторы - Аружан МАТТАЙ

Ораза - Исламдағы бес парыздың бірі, рухани тазаруға арналған теңдессіз құлшылық. Оның мәні - адамның өзін-өзі тәрбиелеуі, сабыр мен төзімділікке үйренуі, нәпсіні тізгіндеуі және Аллаға жақындай түсуі.

Ораза ұстаған адам күн шыққаннан күн батқанға дейін ішіп-жеуден, жаман сөз бен әрекеттерден, теріс қылықтардан бас тартады. Бұл адамның бойындағы сабырлық, мейірімділік, төзімділік секілді қасиеттерді дамытып, жүректі тазартады. Сонымен қатар, ораза - мұсылманды аштықтың не екенін түсініп, жағдайы төмен адамдарға жәрдемдесуге ынтыландырады.

Рухани тұрғыдан алғанда, ораза - адамның Аллаға шүкіршілік етіп, Оның бұйрықтарын орындау арқылы өз сенімін күшейтетін жиһадат. Сондай-ақ, ораза бұл дүние сынақ екенін еске салады, адамдарды тақуалыққа, Құдайдан қорқып, жақсылыққа ұмтылуға тәрбиелейді.

Оразаға қатысты Құран аяттары мен Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) хадистері көп. Құранда мынадай аяттар бар: «Уа, мүміндер! Сендерге дейінгілерге парыз етілгендей, сендерге де ораза парыз етілді. Мүмкін, тақуа боларсыңдар» («Бақара сүресі», 183-аят). Бұл аятта оразаның бұрынғы үмметтерге де парыз болғаны айтылып, оның тақуалыққа жетелейтіні ескертіледі.

Рамазан айының ерекшелігіне қатысты мынадай аят бар: «Рамазан айы - адамдар үшін тура жолдың айқын дәлелдері болған Құран түсірілген ай. Кімде-кім бұл айда болса, ораза ұстасын...» («Бақара» сүресі, 185-аят). Бұл аятта Рамазан айының қасиеттілігі мен ораза ұстау міндеті айтылған.

Алла Тағала пенделеріне ауырлық қаламайды, жеңілдік қалайды. Ораза ұстаушыларға жеңілдік берілген. Бұған қатысты мынадай аят бар: «...Кімде-кім науқас немесе сапарда болса, басқа күндерде қазасын өтесін. Алла сендерге жеңілдік қалайды, ауырлық қаламайды...» («Бақара» сүресі, 185-аят). Бұл аяттан ауыр науқастар мен жолаушыларға оразаны кейін өтеуге рұқсат берілгенінен көреміз.

Оразаның күнәлардың кешірілуіне себепші болатыны жайлы Пайғамбарымыз «оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Кімде-кім Рамазан айында шынайы иманмен және сауап үміт етіп ораза ұстаса, оның өткен күнәлары кешіріледі», - деген.

ОРАЗАНЫҢ ПАЙДАСЫ



Ораза ұстаған адамға берілетін сыйы мынадай: «Адам баласының әрбір амалына еселеніп сауап беріледі... Алла Тағала: «Ораза - Мен үшін, оның сауабын Өзім беремін. Өйткені, пенде Мен үшін нәпсіні және ас-сусыннан бас тартты», - дейді» (Бухари, Муслимнен жеткен хадис).

Ораза - жәннатқа жетелейтін құлшылық. Бұған қатысты мынадай хадис бар: «Райан деген жәннаттың бір қақпасы бар. Қиямет күні ол қақпадан тек ораза ұстағандар кіреді. Ораза ұстағандар кіргеннен кейін, ол жабылып, басқа ешкім кірмейді». Бұл аяттар мен хадистер оразаның маңыздылығы мен оны ұстаудың зор сауабы бар екенін көрсетеді.

Оразаның пайдасы көп. Оразаның рухани пайдасы мынадай: ең әуелі тақуалықты күшейтеді. Ораза адамды Аллаға жақындатып, құлшылығын арттыруға көмектеседі. Нәпсіні тәрбиелейді. Адамның сабырлық, ұстамды болуына ықпал етеді. Күнәлардың кешірілуіне себепші болады. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) айтқандай, шынайы ықыласпен ораза ұстаған адамның өткен күнәлары кешіріледі. Ораза жан тыныштығын береді. Рухани тазару арқылы адам ішкі жан дүниесін тыныштандырады.

Оразаның физикалық пайдалары мынадай: ас қорыту жүйесін демалдырады. Ораза кезінде асқазан мен ішкі ағзалар демалып, қалыпқа келеді. Денені зиянды заттардан тазартады. Ағзадан токсиндер мен қалдықтар шығарылады. Иммунитетті нығайтады. Дене табиғи түрде өзін жаңартып, қорғаныс жүйесін күшейтеді. Артық салмақтан арылуға көмектеседі. Дұрыс тамақтану арқылы дене салмағын реттеуге болады.

Ал оразаның әлеуметтік пайдалары мынадай: аш адамдардың жағдайын түсінуге көмектеседі. Ораза ұстаған адам аштықтың не екенін сезініп, мұқтаждарға жәрдемдесуге ден қояды, ізгі істе ықыласты болады. Қоғамдық бірлікті нығайтады. Мұсылмандар бірге ауыз ашып, тарауих намазын оқып, бір-бірімен бауырмашылдығын

арттыра түседі. Жаман әдеттерден арылуға көмектеседі. Темекі шегу, ғайбат айту, ашулану сияқты зиянды әдеттерден тыйылуға ықпал етеді. Бұл ретте баса айта кетер жайт: ораза - тек ішіп-жеуден тыйылу емес, ол жан мен тәннің тазаруына, өзін-өзі тәрбиелеуіне және Аллаға жақындауға жетелейтін теңдессіз құлшылық.

Рамазан - сауаптар еселеніп жазылатын ай. Алла елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) ораза құлшылығының сауабы еселеніп жазылатыны туралы былай деген: «Сендерге ұлық, берекелі ай келіп жетті. Бұл айда мың айдан артық Қадір түні бар. Алла осы айда ораза тұтуды парыз етті. Ал түндерінде намаз оқуды ерікті етті. Осы айда Аллаға бір ізгі қасиетпен жақындаған жан басқа уақытта парыз орындағандай. Осы айда парыз амалын орындаған адам басқа уақытта жетпіс парыз орындаған болады. Бұл - сабырлық айы. Ал сабырдың сыйы - жәннат. Бұл - өзара жанашырлық айы. Бұл айда мүмнің ырзық-несібесі еселенеді...» деген.

Рамазан - дұға қабыл болатын ай. Алла Тағала Құранда: «Құлдарым мен жайлы сұрай қалса, қасындамын. Тілек тілеушінің дұғасына жауап беремін. Олар да менің өміріме құлдық қылсын, иман келтірсін, сонда ғана олар тура жолмен жүретін болады» («Бақара» сүресі, 186-аят) деп баяндайды.

Рамазан - жақсылықта жарысатын ай. Жақсылықта жарысу - мұсылманға төн сипаттың бірі. Алла Тағала қасиетті Құранда «Бақара» сүресінің 148-аятында: «Әркімнің бет алатын құбыласы бар. Жақсылықта жарысыңдар» деп баяндаса, «Әли Имран» сүресінің 133-аятында: «Раббыларыңның жарылқауына және тақуалар үшін өзірленген, кеңдігі жер мен көктей болған жәннатқа асығыңдар» деген.

Алла Тағала қасиетті айда жақсы істерде жарысуды, Рамазан бойы жасаған әрбір жақсы ісіміздің сауабын арттырғай. Әмин!

ҚМДБ ресми сайтынан алынды.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«АЛЕАНА Сервис» ЖШС, Түркістан облысы, Ордабасы ауданы, Қараспан ауылдық округі, Қараспан ауылы, 015 квартал, 1644 учаскесі бойынша «ФОРТАН-М» маркалы Пиролиз пешін орнатуға арналған I санаттағы объектінің қоршаған ортаға әсер ету рұқсатын алу үшін материалдар бойынша ашық жиналыс түріндегі қоғамдық тыңдау өткізілетінін хабарлайды.

Талқылау күні: 11.04.2025ж., сағат 15:00.

Талқылау өтетін орны: Түркістан облысы, Ордабасы ауданы, Қараспан а/о, Қараспан а., Б.Шылмырзаев к-сі 12, өкімдік мәжіліс залы.

Белгіленіп отырған қызметтің бастамашысы: «АЛЕАНА Сервис» ЖШС

Онлайн конференцияға сілтеме: <https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a100a3ROUGROYm1xZD-ZtbXJnTkNRUto9>

Конференция идентификациясы: 616 540 8596,

Кіру коды: 123456

Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын материалдармен осы сілтеме арқылы танысуға болады: <https://ecoportal.kz/>

Жобаны өзірлеуші: «Tumar Construction Gruop» ЖШС эл.пошта: alau-servicek@mail.ru Байланыс тел: 8(776)7417047

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «АЛЕАНА Сервис» объявляет о проведении общественного слушания в виде открытого собрания по материалу для получения экологического разрешения на возведение для объекта I категории для Установки Пиролизной печи по марки «ФОРТАН-М» по адресу РК, Туркестанская область, Ордабасынский район, с.о.Караспан, с.Караспан, 015 квартал, участок 1644.

Дата обсуждения: 11.04.2025 г., 15:00ч.

Место обсуждения: Туркестанская область, Ордабасынский район, Караспанский с.о., с.Карааспан, ул. Б. Шылмырзаев, д.12, конференц-зал акимата.

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «АЛЕАНА Сервис»

Ссылка на онлайн-конференцию: <https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a100a3ROUGROYm1xZD-ZtbXJnTkNRUto9>

Идентификатор конференции: 616 540 8596, Код доступа: 123456

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале: <https://ecoportal.kz/>

Разработчик: ТОО «Tumar Construction Gruop» Адрес эл.почта: alau-servicek@mail.ru Контактный тел: 8 (776)7417047

ОПРЕДЕЛЕНИЕ

Определением межрайонного суда по гшражданскийм делам города Шымкента от 12.02.2025 г. возбуждено гражданское дело по заявлению Раушанова Каршибека, 14.02.1955 г.р., проживающего по адресу: г. Шымкент, мкр. «Шугыла» ул. Дархан, 186 участок 300, о признании гражданина Раушанова Жанатбека Каршибековича, 07.10.1985 г.р., безвестно отсутствующим, ранее проживавшим по адресу: г.Шымкент, мкр. «Шугыла», ул. Дархан, 186 участок 300.

Лиц, имеющих сведения о месте пребывания либо обладающих иной информацией о Раушанове Жанатбеке Каршибековиче, просим сообщить об этом в межрайонный суд по гражданским делам города Шымкента судь Гавриковой И.В. по адресу: г. Шымкент, ул. Жибек жолы, 63/1, тел.: +7 708 824-64-62 в течение трех месяцев с момента публикации объявления.

ГРАНТ ҚАЛАЙ ӨТЕЛЕДІ?

Мәжіліс депутаттары білім және мәдениет саласындағы заң жобасына түзетулер енгізді.

Негізгі өзгерістер:

1. Грант өтеуден босату: Мүмкіндігі шектеулі балалардың ата-аналары грант өтеуден босатылады

Мәдениет және білім беру мәселелері жөніндегі түзетулерде университет түлектерін қолдау шаралары ұсынылады: - мемлекеттік жәрдемақы алатын, мүгедек баланы тәрбиелеп отырған, сондай-ақ I топтағы мүгедек адамды бағып отырған жоғары оқу орындарының түлектерін оқуға арналған мемлекеттік грантты міндетті түрде өтеуден босату ұсынылады;

2. Грант өтеуді кейінге қалдыру:

• Шетелдік ЖОО-ға резидентура, магистратура, аспирантура, докторантураға түскендерге.

- шетелдік жоғары оқу орындарының резидентура, магистратура, аспирантура және докторантура бағдарламаларын аяқтаған тұлғаларға міндетті еңбек өтеуді кейінге шегеру мүмкіндігі беріледі.

Сондай-ақ білім беру сапасын арттыру үшін заң жобасына жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының рейтингі туралы норма енгізілген. Мемлекеттік қолдау білім беру ұйымдарына олардың деңгейі мен көрсетілетін қызметтердің сапасына қарай берілетін болады.

Егер магистратурада екі жыл оқыса, грантты өтеу мерзімі осы 2 жылға кейінге қалдырылады.

3. Дарынды балаларды қолдау: • Халықаралық ғылыми жобалар байқауының жеңімпаздарына 6 млн теңгеге дейін біржолғы төлем.

• Жеңімпаздарды дайындаған мұғалімдерді ынталандыру.

Бұл өзгерістерді Үкімет пен Ғылым және жоғары білім министрлігі қолдады.

«Айғақ» республикалық газеті мен «Айғақ» телеарнасының ұжымы белгілі журналист, «Шымкент ақпарат» ЖШС директорының кеңесшісі Бақтияр Тайжанға **Орынша БАЙДУЛЛАҚЫЗЫНЫҢ** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтаса отырып көңіл айтады.